



ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ



№40
(2418)
Сенбі
6 маусым
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ



Қазалы ауданында 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күні мерекесіне орай «Рәміздерім мақтанышым» атты мерекелік салтанатты шара өтті.

Аудан орталығындағы Рәміздер алаңында ұйымдастырылған патриоттық шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, аудандық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен жастар және аудан тұрғындары қатысты.

Мерекелік шарада о м б ы р а ш ы л а р д ы ң орындауындағы «Көңілашар» күйімен басталып, бишілер тобының ерекше қойылымымен жалғасты. Салтанатты шарада аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы сөз сөйлеп, барша қазалылықтарды елдік пен бірліктің маңызын айқындайтын айшықты мерекелермен құттықтады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады», - деген болатын. Еліміз Тәуелсіздік алған соң даму жолында тапжылмай жылжуға мүмкіндік беретін маңызды жетістіктерге жетті. Бұл жолда қол жеткізген үлкен жетістіктердің барлығына

да киелі Сыр өңірі мен Қазыналы Қазалы ауданының қосқан үлесі зор.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өңірге жасаған қолдауының нәтижесінде, 4 жылдан астам уақыт аймақты басқарған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының басшылығымен ауданымызда мақсатты бастамалар қолға алынып, ел игілігіне бағытталған көптеген жұмыстар атқарылды. Алдағы уақытта да облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының басшылығымен, аудан халқына деген қолдауымен ауқымды жобалар жүзеге асатын болады. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік нышандарымыз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істеріміздің ұйытқысы бола берсін. Бірлігіміз жарасып, жарқын болашаққа басқан әр қадамымыз нық, ел іргесі берік болсын. Елтаңбамыз – еңселі, Туымыз – тұғырлы, Әнұранымыз – айбынды болғай, - деді аудан әкімі.

Мерекелік жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар сала қызметкерлері аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталса, жас мемлекеттік қызметшілер салтанатты түрде ант берді.

Шара соңында аудан өнерпаздары патриоттық әндер шырқап, жиылғандарға ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады.

ЖАНКЕНТ, БІРЛІК ЖӘНЕ ҚОЖАБАҚЫ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмаханов дарияның арғыбетіндегі Жанкент, Бірлік және Қожабақы ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Елді мекендерде өткен кездесулерде аудан басшысы алдымен ауданымызда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып, қол жеткізген жетістіктер мен алдағы мақсат-міндеттерді тілге тиек етті.

«Бүгінде ауданымызда білім, мәдениет, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, құрылыс, кәсіпкерлік салалары мен инфрақұрылымды жақсарту, газдандыру, ауыз сумен қамту, электр желілерін жаңғырту және жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін арттыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр өңіріне жасаған қолдауымен, аймақты 4 жылдан астам уақыт басқарған Нұрлыбек Нәлібаевтың басшылығымен өңірде ауқымды жобалар жүзеге асты. Биыл жылдың басында Бекарыстан би аулында заманауи спорт кешені пайдалануға берілсе, Майдакөл аулында өткен жылы 100 орындық ауылдық клуб ел игілігіне табысталды. «Қарлаң» көпірінің құрылысын аяқтауға тиісті қаржы бөлініп, бүгінде көпір құрылысы қарқынды жүргізілуде. «Ауыл - ел бесігі» жобасы аясында, Қазалы қаласы, Қожабақы ауылы және Ү.Түктібаев ауылдарының электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында электр энергиясының тұтыну қуаттылығын арттыру мақсатында қосалқы стансасының құрылысы жүргізілді. Елді мекендерді көгілдір отынмен қамту бойынша Абай және Ақтан батыр ауылдары газға қосылса, биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарында орамшilik газ желілерін жүргізу жұмыстары басталып, жыл соңына дейін 4 ауылды көгілдір отынға қосу жұмыстары жоспарланып отыр. Аталған 4 ауылды толықтай көгілдір отынмен қамтығаннан кейін дарияның арғыбетіндегі Өркендеу, Бірлік, Қожабақы бағытындағы ауылдарға

да магистральды газ желілерін жүргізу жоспарланып отыр. Жуық арада Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында құрылысы жүргізілген жаңа спорт кешендері пайдалануға берілетін болады. Жол жөндеу жұмыстары бойынша аудан орталығы мен елді мекендерде бірқатар жобалар жүзеге асуда, - деді аудан басшысы.

Аудан әкімі алдағы уақытта аймақ басшысы Мұрат Ергешбаевтың қолдауымен аудан халқының әл-ауқатын арттыру бағытында жоспарланған бірқатар жұмыстар жайында да айтып өтті.

Кезек ұсыныс-пікірлерге келгенде тұрғындар тарапынан Жанкент аулына спорт кешенін салу, көшелерді жарықтандыру, жайылымдық жерлердегі су тапшылығына байланысты су ұңғымасын қазу, электр желілерін жаңғырту, Қожабақы аулында жуық арада пайдалануға берілетін спорт кешенінен спорттық бокс, күрес түрлерінен үйірмелер ашу және «Аранды» аулына барар аудандық маңызы бар автомобиль жолын жөндеуге байланысты бірқатар ұсыныстар айтылды.

Аудан басшысы су ұңғымасын қазу бойынша жауапты сала басшыларына ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп, ұсыныс беруді тапсырды. Ал, елді мекендердегі тозығы жеткен электр желілерін қайта жаңғырту бойынша кезең-кезеңімен жобалар жүзеге асып жатқандығын, ал «Аранды» аулының жолына байланысты жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптаманың оң қортындысы алынып, тиісті қаржы бөлінген жағдайда жол жөндеу жұмыстары басталатындығын жеткізді. Басқа да мәселелер бойынша тұрғындар сауалына нақты жауап беріп, көтерілген мәселелерді шешу бойынша кезең-кезең жұмыстар істелінінін айтты.

Тұрғындармен өткен кездесулерде аудан басшысы елімізде Президентіміздің бастамасымен жүзеге асып жатқан ауқымды жобалар, бағдарламалар, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы сынды мемлекеттік реформалар мен жаңа бастамалар жөнінде сөз қозғап, халықпен ашық пікір алмасты.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕР БЕКАРЫСТАН БИ, МАЙДАКӨЛ ЖӘНЕ Ү.ТҮКТІБАЕВ АУЫЛДАРЫНДА ЖАЛҒАСТЫ



Аудан әкімі А.Масбеков Есмахановтың елді мекендерді аралап, халықпен кездесулері Бекарыстан би, «Майдакөл» және Ү.Түктібаев ауылдарында жалғасты. Кездесулер барысында ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлері тыңдалып, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары кеңінен талқыланды.

Аудан басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың өңір дамуына оң әсер етіп отырғанын атап өтті. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен кері байланыс

күшейіп, ауылдардың инфрақұрылымын жаңғырту, тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асып жатқандығын айтты.

Сонымен қатар, аудан әкімі төрт жылдан астам уақыт ішінде облыс әкімі қызметін атқарған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың басшылығымен аймақта ауқымды жұмыстар атқарылғанын жеткізді. Өңірде әлеуметтік нысандар салынып, инженерлік инфрақұрылым жаңартылып, ауылдарды дамытуға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен іске асырылғанын атап өтті.

- Бүгінде облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының жетекшілігімен де халық игілігі үшін маңызды жобалар жалғасуда. Аудан көлемінде

әлеуметтік нысандарды жаңғырту, жол, электр, газ және ауыз су инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Биыл жыл басында Бекарыстан би аулында заманауи спорт кешені пайдалануға берілсе, «Майдакөл» ауылында өткен жылы 100 орындық ауылдық клуб ел игілігіне табысталды. Ү.Түктібаев ауылында биыл электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл» және Ү.Түктібаев ауылдарында орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстары басталып, жыл соңына дейін 4 ауылды көгілдір отынға қосу жұмыстары жоспарланып отыр. Жуық арада Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында құрылысы жүргізілген жаңа спорт кешендерін пайдалануға беретін боламыз.

Бұл жұмыстар ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып, инфрақұрылымды дамытуға үлкен серпін бермек, - деді аудан басшысы.

Кездесуде ауыл тұрғындары тарапынан бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, ауылшілік көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу, жайылымдық жерлерге мал суару үшін бұлақ қазу, «Майдакөл» ауылының жайылымдық жеріндегі Шағатай бұлағының көзін ашу, ветеринария саласындағы өзекті мәселелер мен мал ауруларының алдын алу үшін дезинфекция жұмыстарын күшейту және Ү.Түктібаев ауылындағы бір көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу мәселесі көтерілді.

Аудан әкімі тұрғындар тарапынан айтылған әрбір ұсыныс

пен пікірге жеке-жеке тоқталып, заң талаптарына сәйкес жауаптар берді. Көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табатынын айтып, жауапты сала басшыларына тұрғындар ұсынысына сәйкес нақты тапсырмалар жүктеді.

Жиын соңында аудан әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидаты, «Әділетті Қазақстан», «Адал адам» бағдарламасы мен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының маңыздылығына тоқталды. Тазалық мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық тәртіпті сақтау және туған жерге жанашырлықпен қарау – баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ РУХАНИ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Тарих – бұл өткеннің естелігі ғана емес, ол – бүгін біз қалап жатқан болашақтың іргетасы. 2026 жылдың 15 наурызы еліміздің жылнамасына алтын әріптермен жазылатын күн болды. Бұл күні Қазақстан халқы өз еркі мен таңдауын білдіріп, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы Әділетті Қазақстанның жаңа парағын ашты. Референдум – бұл жай ғана дауыс беру емес, бұл – әрбір азаматтың өз елінің тағдырына деген жауапкершілігінің көрінісі. Орталық референдум комиссиясының мәліметінше, ел бойынша дауыс беруге қатысу деңгейі 73,12%-ды құрады. Бұл дегеніміз – 7,9 миллионнан астам отандасымыз «Жаңа Қазақстанды бірге

құрамыз!» деген ұранға үн қосты деген сөз. Халықтың мұндай белсенділігі қоғамның саяси кемелденгенін және оң өзгерістерге сусап отырғанын айқын аңғартты. Жаңарған Ата Заң – бұл заман талабына сай жазылған жасампаз құжат. 95 баптан тұратын Конституцияның 84%-ы түбегейлі жаңа мазмұнмен толықты. Бұл – мемлекеттік басқару жүйесін демократияландыру жолындағы батыл қадам. Әсіресе, вице-президент қызметінің енгізілуі мен Парламент өкілеттілігінің кеңеюі билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтып, мемлекеттің басқару тетігін икемді әрі ашық ете түспек. Сондай-

ақ, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерінің күшеюі – әрбір қазақстандықтың өз елінде заң аясында толық қорғалғанын сезінуіне жол ашады. Меніңше, бұл өзгерістердің ең басты құндылығы – олардың болашаққа бағытталуында. Біз, жастар, бұл реформалардың нәтижесін тек ертең емес, бүгіннен бастап сезінуіміз керек. Жаңа Конституция бізге – білім алуға, еңбек етуге және өз әлеуетімізді толық ашуға мүмкіндік беретін әділ қоғамды уәде етеді. Бұл – сыбайлас жемқорлықтан ада, заң үстемдік ететін, әрбір адамның дауысы естілетін мемлекет құру жолындағы маңызды белес. Қазалы ауданының №276

орта мектебінің оқушысы ретінде айтар болсам, біздің мектеп қабырғасында алған біліміміз бен бойымыздағы отансүйгіштік қасиетіміз осы жаңа өзгерістермен үндесуі тиіс. Ел ертеңі – біздің қолымызда, ал сол ертеңнің кепілі – кеше ғана қабылданған Ата Заңымыз. Жаңа Конституция – ел болашағы үшін жасалған нық қадам, баянды болашағымыздың кепілі болмақ. Біз бірлесе отырып, осы құжатта жазылған асыл мұраттарды іске асыруға атсалысуымыз қажет.

**Аяулым ТЕМІРБАЙ,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті,
№276 орта мектептің
11 «А» сынып оқушысы**

АУДАН ӘКІМІ АҚТАН ЖӘНЕ ЖАНҚОЖА БАТЫР АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қос батыр атындағы Ақтан және Жанқожа батыр ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында аудан басшысы алдымен елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларға тоқталып, өңірімізде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың басшылығымен бүгінгі таңда қолға алынып жатқан жобалар туралы кеңінен баяндады. Сондай-ақ аудан көлемінде халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен әр саладағы жетістіктерді атап өтті.

Аудан әкімі бүгінде бюджет қаражаты есебінен көптеген маңызды жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, ең ауқымды жобалардың бірі - «Қарлаң» көпірінің, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл» және Ү. Түктібаев ауылдарында орамшілік газ желілерін тарту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқандығын, өткен жылы



аудан халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылғанын ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, биыл Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында спорт кешендерінің құрылысы аяқталып, жуық арада ел игілігіне берілетінін жеткізді. Облыс көлемінде биыл 10 ауылға газ желісі жүргізіліп жатса, соның 4-еуі біздің ауданға тиесілі екенін атап өтті.

Кездесуде Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы, сондай-ақ Жаңа Конституцияға арналған республикалық референдум-

да аудан халқы көрсеткен ауызбіршілік жайында сөз қозғады. Аудан әкімі алдағы реформалардың ел дамуына серпін беретінін айтып, тұрғындарды тазалықты сақтауға және қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысуға шақырды.

Кездесу соңында аудан тұрғындар тарапынан бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды. Атап айтқанда, Семей сынақ полигонында әскери борышын өтеген азаматтарды қолдау, әлеуметтік көмек көрсету, спорт кешендері мен балабақша салу мәселелері көтерілді.

Аудан басшысы кәсіпкерлер жеке балабақша

ашуға ниет білдірсе, қажетті жер телімдері заң талаптарына сәйкес берілетінін және мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін айтты. Бұл жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылатыны жеткізілді.

Бұдан бөлек, жайылымдық және шабындық жерлерді суландыру, Жанқожа батыр ауылындағы электржелілерін жаңғырту, ауылдағы бірқатар көшелерді жөндеу мәселелері де сөз болды. Жайылымдық, шабындық жерлерді суландыру бойынша «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің басшысына ауылдық округ әкімдерімен және ауыл шаруашылығы бөлімімен бірлесе отырып, тұрғындар көтерген мәселе бойынша жұмыс істеуді тапсырды. Жанқожа батыр ауылында ауылшілік электр желілерін жаңғырту бойынша жұмыстар алдағы уақытта жоспарланып отырғанын жеткізді.

Аудан әкімі тұрғындар тарапынан айтылған басқа да ұсыныс-пікірлерді назарға алып, заңға сәйкес жауап берді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ЖӨНІНДЕ

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысымен қыркүйек айының соңғы жексенбісі «Еңбек күні» мерекесі болып бекітілген.

Осыған орай, ағымдағы жылы «Еңбек Жолы» республикалық конкурсы ұйымдастырылады.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;

2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;

3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;

5) қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

2. Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

3. Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан

кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Соған сәйкес, барлық ниет білдірген тұрғындарды және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың еңбек ұжымдарын аталған конкурсқа қатысуға шақырамыз (мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда).

К о н к у р с қ а кәсіпорындардың барлық жұмыскерлері қатыса алады.

Конкурс 3 номинациядан тұрады:

1) Үздік еңбек әулеті. Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары әулеттер таңдалады;

Ескертпе: Еңбек әулеті – бір ұйымның үш және одан да көп ұрпағы болып табылатын, қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және конкурсқа қатысу үшін құжаттар ұсынылған кезде осы кәсіпорында кемінде 20 жыл жиынтық жұмыс өтілі бар жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған әулет өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (немесе қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс.

2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері.

Бұл номинацияда конкурсқа қатысу үшін құжаттарды ұсынған кезде кемінде 20 жыл еңбек өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) Өндірістің үздік жас маманы. Бұл номинацияда республикалық комиссия өтінімді қарау сәтінде жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады.

Конкурсқа қатысу үшін төмендегідей құжаттарды тапсыру қажет:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке куәліктің көшірмесін;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнеролик (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.), 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыныс хат; Бар болған жағдайда

(келесі құжаттардың көшірмелері):

- мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, алғыс хаттардың көшірмелері;

- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа қатысуға өтінімдереағымдағыжылдың22 маусымға дейін қабылданады және қазан айында қорытындыланады. Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

Конкурс жеңімпаздарына тиісті диплом және

-1 орын үшін -1 000 000 (миллион) теңге;

-2 орын үшін- 500 000 (бес жүз мың) теңге;

-3 орын үшін – 200 000 (екі жүз мың) теңге сомасында ақшалай сертификаттар беріледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер құжаттарын аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсыра алады.

Толық мағлұмат алу үшін аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің 23-2-62 байланыс телефоны арқылы білуге болады.

Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен



қатар, жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне,

статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.


Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау полковнигі

● Хабарландыру

«Бірлік» ауылдық округі әкімінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны	Мекен – жайы	Байланыс телефоны
Аман Бауыржан Толықболұлы	«Бірлік» ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі күні: Сағат 09:00 – 13:00-ге дейін, Сәрсенбі күні: Сағат 15:00 – 19:00-ге дейін, Жұма күні: Сағат 09:00 – 13:00, 15:00-19:00 -ге дейін	«Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округі, Тәуелсіздік көшесі, №13 «А»	25-3-14

ОРМАН – БАЙЛЫҒЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ!



Елімізде не аз? Орман аз! Аз орманды көбейту, сақтау, барша қазақстандықтардың міндеті. Сондықтан әрбір азамат орманда жүргенде өрттің тұтануынан сақтанып, ондай жағдайды байқаған

кезде сөндіріп, яки болмаса өрт сөндіру мекемелеріне жедел түрде хабарлаулары керек. Себебі, орман баршамыздың ортақ байлығымыз.

Ал орманға ең қауіпті –

өрт, адамдар қолымен жасалатын өрт.

«Өрт – тілсіз жау» деп үнемі айтқанымызбен, көпшілік оны ұғына бермейді, осындай кезде кейбір адамдар құрап тұрған шөпке өрт қояды, қойған өрт сай саланы қуалап, дала төсіне шығады, дер уақытында ауыздықталмаса, орман алқаптарын жалынына орайды. Зиян шегетін тек табиғат ана ғана.

Мемлекеттік орман қоры жерінің «Жанқожа баба» орманшылығы орман қоры жерлері сексеуіл ағашы мен қамыс жыңғылдардан тұрады. Бұлар өртке жану қаупіне өте бейім келетіндіктен орманшылар аса қырағылықпен күзетіп келеді.

Қорыта келгенде айтарымыз, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер және

шаруа қожалықтары егістік алқаптарды өртеу кезінде төтенше жағдайлар органдарын алдын ала хабардар етіп, бақылау жасалмайтын от жағу мен құрғақ шөптерді өртеу оқиғаларына тиым салуды, кезекшілік ұйымдастыруды күшейте отырып, табиғат байлығын өрттен бірлесіп қорғап, келесі ұрпаққа жайқалған жасыл орман алқабын қалдырайық.

Өз күштеріңізбен өртті сөндіру мүмкін болмағанда міндетті түрде орман күзеті қызметкерлеріне хабарлаңыз. Тел: -51-3-63, 101

А.ПРМАНОВ,
«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің «Жанқожа баба» орманшылық басшысы

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.